

# Болашаққа бағдар - рухани жаңғырудың бастауы

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының педагогика және психология кафедрасының ұйымдастыруымен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасына орай «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы негізінде - «Кітап - рухани байлықтың қайнар көзі» тақырыбында әдістемелік семинар өткізілді.

Замана талабына сәйкес, қазақстандық студенттер де шетелдердегі ЖОО-да өтілетін пәндерге сәйкес білім алуы керектігі туындауда. Онсыз біздің студенттер ғылымның ең соңғы жетістіктерін біле алмайды. Оған жаңадан аударылған оқулықтар арқылы ғана қол жеткізуге болады. Бұл мүмкіндік Қазақстанның осы Болон үдерісіне енуімен байланысты. Болондық келісімшарт бойынша, әр елдің студенті, магистранты мен докторанты оқу мерзімі кезінде, ұтқырлық жоспары бойынша, шетелдердегі бір жоғары оқу орындарында жарты жыл оқудан өтуі керек.

Міне, біздің студенттер мен докторанттар сол елдерге барғанда, аударылған озық оқулықтар арқылы, олардың студенттері оқыған оқулықтардың деңгейінде еркін түсінісе алатын болатындығын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өз мақаласында атап өткен болатын.

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды дамыту бойынша «Жаңа гуманитарлық білім, Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы біздің институтымызда да іске асырылып жатыр.

Осыған орай педагогика және психология кафедрасының ұйымдастырған семинарына мамандықтың 2-4 курс студенттері мен оқытушылар құрамы толықтай қатысты, тақырыпқа сай бірнеше баяндама мен талқылаулар болды.

Семинарды институтымыздың ректоры, г.ғ.д., профессор С.Б.Куанышбаев ашып, өзінің Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласына орай жасалған «Жаңа гуманитарлық білім, Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын қолдап, іске асырылып жатқан жұмыстар туралы айтты. Оқу кітаптарына қызығушылық тудыру сіздердің білім алу ісіндегі басты міндеттеріңіз деді.

Дуэйн Шульц пен Сидни Элен Шульцтің «Қазіргі психология тарихы» кітабына педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м. А.Е.Тәуекелова шолу жасады.

Г.Майерс Жан мен М.Туенждің «Әлеуметтік психология» еңбегіне педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м. Г.Б. Мусирова қысқаша сипаттама

беріп, тыңдармандарын кітаптың мазмұнымен таныстырды.

Педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м. Ғ.К.Бижанова Эллиот Аронсонның «Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе» оқулығын талдады.

Студенттер арасында да, осы аударылған психологиялық кітаптардың мазмұнына назар салып, болашағына бағыт алған ПП-31 тобының студенті Қасиет Жұмақан, Қалдыбек Назгул, ПП-41 тобының студенті Әли Сағадат, т.б. өздерінің көзқарасын, пікірлерін білдірді.

Көптеген студенттер: Б.Сейдімхан, А. Құрманова, Ф.Маширикова, Т.Уәли, т.б. семинардан алған құнды пікірлері мен қызығушылықтарын ортаға салды.

Семинарды кафедра меңгерушісі Р.Л.Қалымжанова қортындылады.

Семинардан болашақ маман ретінде студенттер өздеріне көптеген мәліметтер мен қызықты фактілерді тыңдап, керекті тәжірибелік мағлұматтар алды. Кейбір кереғар пікірлер де орын алғанымен жақсы ұсыныстар да болды.

Болашаққа бағдар студенттер үшін, алдағы мамандандыру ісіне пайдалы, игі істерден бастау алады дей отырып, біздерге жақсы семинарды ұйымдастырған педагогика және психология кафедрасының ұжымына алғысымызды білдіреміз.

Кәмшат АМАНЖОЛОВА,  
«ПП-21» тобының студенті.